

## Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 71 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 шілдеде № 9638 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2017 жылғы 30 маусымдағы № 68 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Бас прокурорының 30.06.2017 № 68 (оның бірінші ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен**

Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалануды жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасының "Прокуратура туралы" Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып,  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидасы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының кейбір бұйрықтарының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (әрі қарай - Комитет) осы бұйрықты:

1) мемлекеттік тіркеуге алу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне;

2) орындау үшін құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, сонымен қатар Комитеттің аумақтық органдарына жолдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет Төрағасына жүктелсін.

5. Осы бұйрық бірінші ресми түрде жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

А. Дауылбаев

## **Арнайы есепке алушың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы Арнайы есепке алушың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасы (әрі қарай - Қағида) "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12 бабының 3 тармағымен қарастырылған арнайы есепке алушың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың тәртібін анықтайды.

Қағидадада төмендегідей негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттар жүйесі - Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы" Заңымен қарастырылған жекелеген арнайы есептің түрлерін жүргізуі, жинақтауды, өндөуді және мәліметтерді ұсынуды жүргізетін жүйе (әрі қарай - АЕА ААЗ);

2) автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттар жүйесі - саусақ таңбалары бойынша қалыптастырылатын дактилоскопиялық ақпараттарды жүргізуі, жинақтауды, өндөуді және мәліметтерді ұсынуды жүргізетін жүйе (әрі қарай - АДАЖ);

3) тегі бойынша есепке алу - қылмыс жасаған, қылмыстық жауапкершілікке тартылған, сотталған, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданған (арнайы типтегі жүйке стационарында мәжбүрлеп емдеу шарасы, арнайы типтегі психиатриялық стационарда қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеп емдеу шарасы және жалпы түрдегі жүйке ауруханасында мәжбүрлеп емдеу шарасы тағайындалған) қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған ессіз күйдегі тұлғаларды сауалнамалық деректері бойынша, яғни туылған жылды (күні, айы, жылды) мен жерін көрсетіп, тегі, аты және әкесінің атымен есепке алу;

4) дактилоскопиялық есепке алу – ұсталған, қамауға алынған, сотталған тұлғаларды саусақтарының құрылышы ерекшеліктерінің өрнектері бойынша адамның жеке басын анықтау және растау үшін ақпаратты тіркеу, сактау, топтастыру және дактилоскопиялық мәліметтерді беру арқылы жүргізілетін есепке алу;

5) іздеуді есепке алу, сонымен бірге Қазақстан Республикасынан тыс жердегі айыпталушылардың есебі – анықтаудан, тергеуден, соттан және жазаны өтеуден жасырынған тұлғаларды, атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкөр болып танылған іздеудегі тұлғаларды, мемлекеттің мұддесі үшін ұсынылған талап бойынша, сонымен бірге алиментті өндіріп алу, мертігуге себеп болған немесе денсаулыққа зақым келтірген, асыраушының қайтыс болуына әкеліп соқтырған

зиянның орнын толтыру бойынша жауаптыларды, хабар-ошарсыз жоғалғандарды, жеке басы танылмаған мәйіттерді, денсаулығы немесе жас ерекшелігіне байланысты өзі туралы мәлімет бере алмайтын белгісіз аурулар мен балаларды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 50-бабының 1-бөлігінің 5-тармағы бойынша (әрі қарай - ҚІЖК) тоқтатылған қылмыстық істер бойынша тұлғаларды Бірыңғай біріздендірілген статистикалық жүйе (әрі қарай – ББАЖ) мәліметтері бойынша есепке алу.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (әрі қарай- Комитет) есептері тегі бойынша, дактилоскопиялық, іздеу картотекаларын және АЕА АА, АДАЖ автоматтандырылған ақпараттар жүйелерін жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Комитеттің облыстық, Астана, Алматы қалалық басқармаларымен (әрі қарай – аумақтық органдар) тегі бойынша, дактилоскопиялық, іздеуді есепке алуудың жергілікті түрі жүргізіледі және АЕА АА, АДАЖ жүйелеріне мәліметтерді енгізу жүзеге асырылады.

Комитеттің әскери және аймақтық көлік басқармаларымен (әрі қарай - Комитеттің әскери және көліктік аумақтық органдары) жергілікті іздеуді есепке алууды жүргізу және АЕА АА іздеу және тегі бойынша есепке алу мәліметтерін енгізу жүзеге асырылады. Комитеттің әскери және көліктік аумақтық органдары тегі бойынша есепке іс жүргізу шешімдерінің келіп түсkenін бақылау мақсатында бақылау картотекаларын жүргізеді.

Орталықтандырылған тегі бойынша, дактилоскопиялық, іздеу есептері, АЕА АА, АДАЖ жүргізу Комитетте жүргізіледі.

3. Есепке алуудың субъектілері болып орнатылған заңнамалар тәртібі бойынша Қазақстан Республикасының тергеу және анықтау, жедел-іздестіру, жазаны атқару қызметтерін жүргізетін барлық мемлекеттік органдар, сонымен бірге көші-қон полициясы және сот органдары табылады.

Осы Қағиданың орындалуын бақылау Комитетпен және оның әскери және көлік органдарын қоса аумақтық органдармен жүзеге асырылады.

Осы Қағидамен қарастырылған ақпараттық есеп құжаттарының бланктері орнатылған нысанда және материалдың сапасына сай құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен дайындалады.

## **2. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есепте көрсетілетін тұлғалар санаты**

4. Комитеттің тегі бойынша есебіне алуға жататын тұлғалар:

1) Қазақстан Республикасының аумағында сотталғандар;

2) Тәуелсіз мемлекеттер достастығының (әрі қарай – ТМД) басқа елдерінде бас бостандығынан айыруға сottалған, жазасын Қазақстан Республикасының аумағында өтеп жатқан Қазақстан Республикасының азаматтары;

3) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданған (арнайы типтегі жүйке стационарында мәжбүрлеп емдеу шарасы, және арнайы типтегі психиатриялық стационарда қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеп емдеу шарасы тағайындалған) қоғамға қауіпті әрекеттер жасаған ессіз күйдегі тұлғалар;

5. Комитеттің аумақтық органдарындағы тегі бойынша есепке алуға жататындар:

1) облыс аумағында сottалған тұлғалар;

2) қолданылған бұлтартпау шарасына байланыссыз облыс аумағында (көлік және әскери аймақтарда, гарнizonдарда) айыпталушы ретінде жауапқа тартылған тұлғалар, сонымен бірге айыптау тағылмай қылмыстық іс ақталмайтын негізде қысқартылған облыс аумағында қылмыс жасаған тұлғалар;

3) облыс аумағында қоғамдық-қауіпті әрекеттер жасаған, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған (арнайы типтегі жүйке стационарында мәжбүрлеу емі және арнайы типтегі жүйке стационарында қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеу емі және жалпы типтегі жүйке ауруханасында қарқынды бақылау жасау арқылы мәжбүрлеу емі тағайындалған) ессіз күйдегі тұлғалар;

4) басқа облыстарда (мемлекеттерде) сottалып, жазасын осы облыста (мемлекетте) өтеп жатқан тұлғалар.

6. Қазақстан аумағында сottалған немесе айыпталушы ретінде қылмыстық жауапқа тартылған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар, сонымен бірге осы санаттағы айыптау тағылмай қылмыстық іс ақталмайтын негізде қысқартылған күдікті ретінде жауапқа тартылған тұлғалар, жалпы тәртіп бойынша есепке алынады.

7. Комитеттің дактилоскопиялық есебіне алуға жататындар:

1) қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылған Қазақстан Республикасының аумағында сottалғандар;

2) қылмыстық жауапкершілікке шетелде тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары (егер оларға дактилоскопиялық карта болса);

3) бас бостандығынан айыру орындарында жүріп, қылмыс жасап сottалғандар;

4) іздеу жарияланған тұлғалар (егер оларға дактилоскопиялық карталар болса және қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылса);

8. Комитеттің аумақтық органдарының дактилоскопиялық есебіне жататындар:

- 1) қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданған облыс аумағында сottалғандар;
- 2) бас бостандығынан айыру орындарында жүріп қылмыс жасап сottалғандар

;

3) тергеу (анықтау) органдарымен қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылған айыпталушылар;

4) іздеу жарияланған тұлғалар (егер олардың дактилоскопиялық карталары болса және қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылса);

5) ұсталған тұлғалар (тек белгілі бір тұрағы немесе жеке басын анықтайтын құжаттары жоқ тұлғалар);

6) шетелде сottалып, жазасын облыс аумағына өтеуге келген Қазақстан Республикасының азаматтары.

### **3. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есептер жүйесі бойынша есептік құжаттардың түрлері және оларды рәсімдеу**

9. Осы Қағиданың 3 тармағында көрсетілген органдармен есеп құжаттарының екі түрі – негізгі және түзетуші түрлері ұсынылады.

10. Негізгі есеп құжаттары болып табылады:

1) осы Қағиданың 1 қосымшасына сәйкес әліпбилік есеп карточкасы;

2) осы Қағиданың 2 қосымшасына сәйкес дактилоскопиялық карта;

3) осы Қағиданың 3 қосымшасына сәйкес белгілі бір тұрағы немесе жеке басын анықтайтын құжаттары жоқ тұлғалардың дактилоскопиялық картасы;

11. Түзетуші есеп құжаттары болып табылады:

1) осы Қағиданың 4 қосымшасына сәйкес сottалғандар (қамауға алынғандар) туралы хабарлама;

2) осы Қағиданың 5 қосымшасына сәйкес сауалнамалық деректерге өзгерістер енгізу туралы мәліметтер;

3) осы Қағиданың 6 қосымшасына сәйкес істің сотта қаралу нәтижесі туралы анықтама;

4) заңды күшіне енген сот үкімінің (қаулысының) көшірмесі;

5) соттылықтың алынуы туралы сот қаулысының көшірмесі;

6) сотталышының сауалнамалық деректерінің өзгеруі туралы сот қаулысының көшірмесі.

12. Әліпбилік есеп карточкалары перфокарточкалық немесе пошталық карточкалық қағаздан, дактилоскопиялық карталар және түзету құжаттары жазу қағазынан дайындалады.

Есеп құжаттарындағы (қағаз түріндегі) жазулар компьютер техникасын қолдану арқылы орыс тілінде толтырылады. Техникалық жағдайлар болмаған

жағдайда, есеп құжаттарын көк немесе қара сиялармен қолмен анық жазуға болады. Түзетуге, өшіріп тазартуға жол берілмейді.

Әліпбілік есеп карточкалары, сотталғандар (қамауға алынғандар) туралы хабарламалар, дактилоскопиялық карталар осы Қағиданың 7 қосымшасына сәйкес рәсімделеді.

13. Орталықтандырылған есептің мәліметтері арнайы тізімдеме бойынша осы Қағиданың 8 қосымшасына сәйкес, Қағиданың 9 қосымшасына сәйкес Комитеттің ілеспе хатымен Ресей Федерациясының Ішкі істер министрлігінің Бас ақпараттар орталығының негізінде қызмет ететін (әрі қарай - РФ ПМ БАТО) Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдерінің Мемлекетаралық ақпараттар банкіне (әрі қарай - МАБ) жіберіледі.

#### **4. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын органдармен (тұлғалармен) есеп құжаттарын ұсыну тәртібі мен мерзімі**

14. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын, оның ішінде әскери және көлік прокуратурасының қадағалауындағы органның тергеушісі (анықтаушысы), қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылмаған тұлғаларға айыпталушы ретінде тұлғаны жауапқа тарту туралы қаулы шықаннан кейін, (айыптау хаттамасы, оңайлатылған сотқа дейінгі өндіріс хаттамасы), міндettі түрде айыпталушиның жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін немесе жеке басын анықтау қаулысын қоса бере отырып, бір жұмыс күнінің ішінде 1 дана әліпбілік есеп карточкасын құрастырады.

Айыпталушыға қатысты қылмыстық іс қысқартылғанда (қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданылған немесе қолданылмағанына байланыссыз), сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын, оның ішінде әскери және көлік прокуратурасының қадағалауындағы органның тергеушісі (анықтаушысы) қылмыстық істі (қудалауды) қысқартқан органды, қысқартқан күнді, қысқартудың негізін көрсете отырып, 1 дана әліпбілік есеп карточкасын құрастырады және қылмыстық істі (қудалауды) қысқарту туралы қаулының көшірмесін салып, қабылданған іс жүргізу шешімінің заңдылығына тексеру жүргізу үшін прокурорға жіберілетін материалдарға қоса салады. Прокурор қылмыстық істі (қудалауды) қысқарту туралы шешіммен келіскееннен кейін, үш жұмыс күні ішінде әліпбілік есеп карточкасын, прокурордың бұрыштамасы қойылған қылмыстық істі (қудалауды) қысқарту туралы қаулының көшірмесін салып, әскери және көлік басқармаларымен қоса Комитеттің аумақтық органының аудандық (қалалық) бөлімшесінің қызметкеріне немесе тікелей Комитеттің аумақтық органына, кеңсе қызметі арқылы ұсынады, қылмыстық іс (

кудалау) ақталатын негізде қысқартылған жағдайда, қылмыстық істі (кудалауды) қысқартумен келіскең прокурордың дәлелді қортындысы қосымша беріледі.

Егер тұлғаға айып тағылмай, қылмыстық іс ақталмайтын негізде қысқартылған жағдайда, қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізуі жүзеге асыратын органның тергеушісі (анықтаушысы) 1 дана әліпбилік есеп карточкасын құрастырады, қабылданған іс жүргізу шешімінің зандалығына тексеру жүргізу үшін прокурорға жібергенде, қылмыстық істі (кудалауды) қысқарту туралы қаулының және жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін қылмыстық істің материалдарына салады.

Прокурор қылмыстық істі (кудалауды) қысқарту туралы шешіммен келісkenнен кейін, үш жұмыс күні ішінде әліпбилік есеп карточкасын әскери және көлік басқармаларымен қоса Комитеттің аумақтық органының аудандық (қалалық) бөлімшесінің қызметкеріне немесе тікелей Комитеттің аумақтық органына прокурордың бұрыштамасы қойылған қылмыстық істі (кудалауды) қысқарту туралы қаулының және жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін сала отырып, кенсе қызметі арқылы ұсынады.

15. Қылмыстық қудалау органдарының орталық құрылымдары өндірісіндегі қылмыстық істер бойынша әліпбилік есеп карточкалары, қылмыс жасаған жеріне байланысты Комитеттің сәйкес аумақтық органына ұсынлады.

## **5. Тергеу абақтыларымен, түзету мекемелерімен есеп құжаттарын рәсімдеу және ұсыну мерзімдері**

16. Тергеу абақтысының әкімшілігімен тергеушінің (анықтаушының) немесе соттың шешімімен қамауга алу бұлтартпау шаrasы қолданған тұлғаға қамауга алынған сәттен бастап, қамауга алынған тұлғаның жеке сәйкестендірілген нөмірі көрсетілген (әрі қарай-ЖСН) жеке басын растайтын құжаттың көшірмесі қоса бере отырып, 3 дана әліпбилік есеп карточкасы және 3 дана дактилоскопиялық карта құрастырылып, Комитеттің аумақтық органына бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынлады.

Қазақстан Республикасында тұрмайтын шетел мемлекеттерінің қамауга алынған азаматтарына қолданылмайды.

Жеке басын растайтын құжат болмаған жағдайда, тергеу абақтысының әкімшілігімен қылмыстық қудалауды жүргіzetін органға сұрау жолданады.

17. Қамауга алынған (сотталған) тұлғалардың сауалнамалық деректері әліпбилік есеп карточкасына және дактилоскопиялық картага жеке басын растайтын құжат бойынша енгізіледі, ал қамауга алынған (сотталған) тұлғаның

құжаттарында сәйкес келмейтін мәліметтер болған жағдайда, тергеу абақтысының әкімшілігі тергеу (анықтау) жүргізетін органның немесе соттың алдында накты деректерді анықтау үшін бастама көтереді.

Көрсетілген органдар ұсынған мәліметтерінің негізінде, жаңа есеп құжаттары құрастырылады, олар ілеспе хатпен бұрынғы саул намалық деректерін, олардың өзгеру негіздерін көрсете отырып, Комитеттің аумақтық органына жолдауға жатады.

18. Тері ауруларына немесе қол саусақтарының уақытша ауруына (сыну) байланысты нақ және анық папилляр сзызықтарының таңбасын алу мүмкін болмаған жағдайда, тергеу абақтысымен дәрігердің анықтамасын қоса сала отырып, 3 дана әліпбелік есеп карточкасы бес жұмыс күнінің ішінде Комитеттің аумақтық органына жолданады. Мұндай саусақтарға тергеу абақтысымен емдеу жүргізіледі, емдеу соңынан Комитеттің аумақтық органына 3 дана дактилоскопиялық карта жолданады.

19. Тергеу абақтысының әкімшілігі заңды күшіне енген сот үкімінің (қаулысының) көшірмесін және осы үкімнің мәліметтері жазылған соттылық туралы хабарламаны, заңды күшіне енген сот үкімі туралы анықтаманы алғаннан кейін, бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолдайды.

Тергеу абақтысының әкімшілігімен айрықша жазаға сотталған тұлғаларға қатысты хабарламалар, бірінші инстанциядағы сотпен шығарылған үкімді алғаннан кейін, бес жұмыс күнінің ішінде Комитеттің аумақтық органына жолданады. Айрықша жазаға сотталған тұлғаларға қатысты үкім заңды күшіне енгеннен кейін, қосымша хабарлама осы мерзімде Комитеттің аумақтық органына жолданады.

Қамауға алынғандардың тергеу абақтысынан уақытша кетуі жөнінде хабарлама құрастырылмайды.

Жеке істің мұқабасының ішкі жағының жоғарғы сол жақ бұрышында орындаушы туралы мәлімет, есеп құжаттарының саны және жолданған күні, сондай-ақ мекен-жайы көрсетілуге жатады.

20. Қылмыстық істің материалдарын эпизод бойынша жеке өндіріске бөліп, қосымша тергеуге жолдау туралы сотпен сот актісі шығарылған жағдайда, тергеу абақтысының әкімшілігімен сот актісін алған сөттен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей 3 дана әліпбелік есеп карточкасы және 3 дана дактилоскопиялық карта құрастырылып, Комитеттің аумақтық органына жолданады.

21. Бұлтартпау шарасы қамауға алудан басқаға өзгерген немесе істің қысқартылуына, өлімге, қамауға алу бұлтартпау шарасының орнатылған заңды мерзімінің өтуіне немесе ҚР ҚІЖК қарастырылған басқа да негіздерге

байланысты бұзылған жағдайда, тергеу абақтысының әкімшілігімен сottалушы (қамауға алынушы) туралы хабарлама бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолданады.

Сottалғаннан кейін тұлға тергеу абақтысының әкімшілігінің қарамағына қалдырылса, сottылық туралы хабарлама бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолданады.

Сottалушы жазасын өтейтін жерге кеткеннен кейін, тергеу абақтысының әкімшілігімен сottалушының кетуі туралы хабарлама бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолданады.

22. Тергеу (анықтау) органының немесе басқа облыстың (мемлекеттің) сottының тапсырмасымен қамауға алу бұлтартпау шаrasы қолданған тұлғаларға, тергеу абақтысының әкімшілігімен 1 дана әліпбилік есеп карточкасы және қай органының қарамағына жіберілгені, кеткен күні көрсетілген қосымша мәліметтері бар дактилоскопиялық карта Комитеттің аумақтық органына жолданады.

23. Облыс аумағында орналасқан басқа тұзету мекемелерінен (тергеу абақтысынан) келген тұлғаларға бес жұмыс күні ішінде осы облыстың аumaқтық органы үшін хабарлама құрастырылады.

Басқа облыстардың сottымен сottалған, осы облыстың тұзету мекемесіне жазасын өтеуге келген тұлғаларға 1 дана әліпбилік есеп карточкасы және сottылық туралы 1 дана хабарлама құрастырылады.

ТМД мемлекеттерінің сottарымен сottалған, осы облыстың тұзету мекемесіне жазасын өтеуге келген тұлғаларға, 1 дана әліпбилік есеп карточкасы және сottылық туралы 2 дана хабарлама құрастырылады.

Сottылық туралы әліпбилік есеп карточкасы және хабарлама (занды күшіне енген сот шешімінің көшірмесі қоса берілген, ТМД мемлекеттерінің сottарымен сottалғандарға 2 дана хабарлама) бес жұмыс күні ішінде осы облыстағы Комитеттің аumaқтық органына жолданады.

Комитеттің аumaқтық органы әліпбилік есеп карточкасын картотекаға орналастырады, сottылық туралы хабарлама сottалған жері бойынша Комитеттің аumaқтық органына жолданады.

ТМД мемлекеттерінің сottарымен сottалған тұлғаларға қатысты сottылық туралы екінші дана хабарлама Комитетке жіберілуге жатады.

Транзиттік-жәнелтілуші сottалғандарға сottылық туралы хабарлама жазаны өтеу орындарына келгеннен кейін ұсынылады.

24. Тұзету мекемесіне келіп тұсken тұлғаның жеке ісінде құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарына оның есеп құжаттарының жіберілгені туралы белгі жоқ болса, сottалушы келіп тұsken мекеменің әкімшілігімен осы Қағиданың 16 тармағымен қарастырылған тәртіpte әліпбилік есеп карточкасы және дактилоскопиялық карта құрастырылады.

Бұл есеп құжаттарын Комитеттің аумақтық органына жолдағанда сottалушиның жеке ісінде бірінші тіркеу туралы мәліметтердің жоқтығы және осы тұлға болған тергеу абақтысы көрсетілуге тиіс.

25. Тергеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан сottалушиға қатысты үкім өзгерген жағдайда, түзету мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшілігі оның орындалуы туралы тиісті сотқа хабарлайды және үкімге өзгерту енгізу туралы сот қаулысын және енгізілген өзгерістер туралы көрсетілген сottылық туралы хабарламаны бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолдайды. Басқа аймақта сottалған тұлғаларға сottалған жері бойынша Комитеттің аумақтық органына тиісті мәліметтері бар сottылық туралы хабарлама осы мерзімде ұсынылады.

26. Түзету мекемесінде жазасын өтеу кезінде қайтадан сottалған тұлғаларға, есеп құжаттары тергеу абақтысының әкімшілігімен немесе тергеу абақтысында қамалмаса, түзету мекемесінің әкімшілігімен осы Қағиданың 16 тармағына сәйкес құрастырылады.

27. Сottалуши босатылса немесе қайтыс болса түзету мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшілігімен аумақтық орган үшін сottылық туралы хабарлама құрастырылады, ол бойынша есепке тиісті белгі қойылған соң Комитетке жолданады. Сottалуши қайтыс болғанда қайтыс болу туралы актінің көшірмесі қоса беріледі. Сottалған жері бойынша аумақтық орган үшін, басқа аймақта сottалған тұлғага сottылық туралы қосымша хабарлама құрастырылады.

Жол бойындағы айдауда қайтыс болғандарға сottалуши кеткен мекеменің әкімшілігімен қайтыс болуы туралы актіні алғаннан кейін, сottылық туралы хабарлама құрастырылады.

Кешірім жасау актісі қолданылған тұлғаларға, түзету мекемесінің әкімшілігімен сottылық туралы 2 дана хабарлама құрастырылады, оның біреуі соңынан Комитетке ұсыну үшін Комитеттің аумақтық органына, екіншісі сottалған жері бойынша Комитеттің аумақтық органына жолданады.

28. Айдаудағы сottалуши жол бойындағы айдауда ауырса, орналастырылған емдеу орнының тергеу абақтысының әкімшілігі, сottылық туралы хабарламаны құрастырады және оны ол айдалынған облыстағы Комитеттің аумақтық органына ұсынады. Мәліметтер есепке енгізілген соң, хабарлама Комитеттің аумақтық органымен Комитетке жолданады.

29. Өлім жазасын орындаған мекеменің әкімшілігі, үкімнің орындалуын көрсететін "үкім бойынша кетті" деген белгімен Комитеттің аумақтық органына, сottалған жеріндегі аумақтық орган және Комитетке жолдау үшін 2 дана хабарламаны жеке хатпен ұсынады.

30. Қамауға алу түріндегі жазаны орындаушы мекеме, сottалуши келгеннен кейін, 3 дана әліпбелік есеп карточкасын және 3 дана дактилоскопиялық картаны

, ал сottалушы босатылғанда көрсетілген мерзімде оның жеке басын растайтын құжаттың көшірмесін қоса сала отырып, сottылық туралы хабарламаны бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолдайды.

31. Исті қайта қарау жөніндегі сот үкімі (қаулысы) түскенге дейінгі тұлғаларға қатысты үкім өзгерген жағдайда, сottылық туралы хабарламаны түзету мекемесінің әкімшілігі (тергеу абақтысы) осы Қағиданың 25 тармағымен қарастырылған тәртіpte ұсынады.

## **6. Ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелерімен тұлғалардың анықтама деректерін өзгертуі туралы мәліметтерді ұсынудың тәртібі мен мерзімдері**

32. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың көші-қон қызметі бөлімшелерімен (әрі қарай - көші-қон қызметі бөлімшелері) көші-қон қызметінің аудандық және қалалық бөлімшелеріне жеке басын растайтын құжаттарды ауыстыру сұрағымен, анықтама деректерін (тегін, атын, әкесінің атын, ұлтын, туған және туылған жерін) ауыстыруға байланысты жүгінген азаматтар туралы мәліметтерді орнатылған нысанда әр айдың 15-де және 30-да Комитеттің аумақтық органына ұсынылады.

Комитеттің аумақтық органнымен жүргізілген салыстыру нәтижесі бойынша, сауалнамалық деректерін өзгерткен бұрын қылмыс жасаған тұлғаларға қатысты, Қазақстан Республикасының халықты құжаттандырудың орталықтындырылған ақпараттық базасынан формуляр мәліметтерін немесе 1-нысанның көшірмесін (1974 жылғы төлкүжаттың үлгісі үшін) ұсыну туралы көші-қон қызметі органына сұрау салынады.

## **7. Қылмыстық-атқару инспекциялары органдарымен есеп құжаттарын ұсынудың тәртібі және мерзімдері**

33. Қылмыстық-атқару инспекция органдары үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған, шартты түрде сottалған, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айрылған, қоғамдық жұмыстарға, түзету жұмыстарына тартылған, бостандығын шектеуге сottалған тұлғаларды өз есебіне алғаннан кейін, сottылық туралы хабарламаны сottалған тұлғаға қатысты үкімінің, жеке басын растайтын құжаттың көшірмелерін бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына ұсынады. Басқа облыстың сотымен сottалған тұлғаларға 1 дана әліпбилік есеп карточкасы, сottалған тұлғаға қатысты үкімінің, жеке басын растайтын құжаттың көшірмелерін және 1 хабарлама ұсынылады.

34. Есепте тұрған тұлға жазадан босатылса немесе ол жөнінде үкім өзгерсе, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылған басқа негіздер бойынша есептен алынса, қылмыстық-атқару инспекциясы, инспекцияның есебінен алыну негіздері туралы толық мәліметтерді немесе үкімнің өзгергенін көрсете отырып, занды қүшіне енген сот қаулысының көшірмесін қоса салып, соттылық туралы хабарламаны тиісті іс жүргізу шешімін алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолдайды.

## **8. Ішкі істер органдарының қабылдау-бөлу мекемелерімен есеп құжаттарын ұсынудың тәртібі және мерзімдері**

35. Қабылдау-бөлу мекемелері белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаттары жоқ тұлға босатылғаннан кейін, белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаттары жоқ тұлға бойынша бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына 1 дана дактилоскопиялық карта ұсынады. Бір облыстың аумағындағы бір тұлғаны үш күнпарақтық жыл ішінде (1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейін) дактилоскопиялық есепке қайталап қоюға болмайды. Күнпарақтық жыл есебі қабылдау-бөлу мекемесінен белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаттары жоқ тұлға босатылған сәттен басталады.

Санкция мерзімі кезінде жеке басы анықталған тұлғаның дактилоскопиялық картасына жеке басын растайтын құжаттың бекітілген көшірмесі қоса салынады.

Ескерту: қабылдау-бөлу мекемесінен тұлғаны босатудың негізі жеке басын растайтын құжаттың болуы: Қазақстан Республикасының төлқұжаты; Қазақстан Республикасының жеке куәлігі; Қазақстан Республикасында шетел азаматының тұруға ықтиярхаты; азаматтығы жоқ тұлғаның жеке куәлігі; Қазақстан Республикасының дипломатиялық төлқұжаты; Қазақстан Республикасының қызметтік төлқұжаты; босқындардың куәлігі; Қазақстан Республикасының теңіз қызметкерінің жеке куәлігі; шетелдік төлқұжат; қайта оралу куәлігі; тууы туралы куәлік (16 жасқа толмағандар үшін); жүргізуші куәлігі; әскери билет немесе бостандығын шектеудің алдын алу туралы сот санкциясының мерзімінің аяқталуы.

36. Белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаты жоқ, саулнамалық (туыстық) деректері анықталмаған тұлғалардың Комитеттің аумақтық органына жіберуге жататын дактилоскопиялық картасына саулнамалық деректер туралы мәліметтер Комитет есебінен тексерудің нәтижесі бойынша көрсетіледі. Комитет есебінен тексеру нәтижесінде мәліметтер жоқ болған жағдайда, есеп құжаттары РФ ПМ БАТО мәліметтерінің негізінде құрастырылады (деректер болған жағдайда).

Егер тексеру қабылдау-бөлу мекемесінен босатылған тұлғаны тексеру жүргізу нәтижесінде Комитеттің аумақтық органына бұрын жіберілген есеп құжаттарында көрсетілгеннен басқа өзгешеліктер анықталса, есеп мәліметтеріне түзету енгізу үшін ұсталған тұлғаны анықтау үшін жүргізілген тексерудің нәтижелері туралы анықтаманың көшірмесін қабылдау-бөлу мекемесінің әкімшілігі бес жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына жолдайды.

37. Қабылдау-бөлу мекемелері белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаттары жоқ тұлғалар қамауға алынған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде Комитеттің аумақтық органына осы Қағиданың 10 қосымшасына сәйкес талап бланкісінде сұрау салады және Комитеттің есебінен тексеру үшін ұсталған тұлғаның дактилоскопиялық картасын жолдайды.

38. Жеке басын растайтын және белгілі тұрағын бекітетін құжаттары жоқ шетел азаматтары есепке жалпы тәртіппен қойылуға жатады.

## **9. Соттармен есеп құжаттарын ұсынудың тәртібі және мерзімдері**

39. Сот органдарымен Комитеттің Орталық деректер қорына Қазақстан Республикасы сот органдарының бірынғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесінен (әрі қарай - ҚР СО БААТЖ) мәліметтерді көшіру ақпараттық өзара іс-қимылға байланысты жүргізіледі. Соттармен электронды ақпараттық есеп құжаттары (ЭАЕК) берілгенде электронды үлгідегі құжаттардың көшірмелерін салу жүргізіледі:

- 1) жеке айыптау ісі бойынша занды қүшіне енген үкімдер (қаулылар);
- 2) сottтылықты алып тастау туралы қаулылар (Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің Қылмыстық-атқару инспекциясы басқармасының есебінде істі қарau сәтінде тұрған тұлғалардың қаулылардан басқасы);
- 3) сотталушының және құқық бұзушының саул намалық деректерін өзгертуі туралы қаулылар.

40. Үкім (қаулы) занды қүшіне енгеннен кейін, үкімнің (қаулының) занды қүшіне енуі туралы анықтама және сот үкімнің (қаулының) көшірмесі соттармен тергеу абақтысының әкімшілігіне үш жұмыс күні ішінде ұсынылады.

## **10. Орталықтандырылған есепке Комитеттің аумақтық органдарымен есеп құжаттарын ұсынудың тәртібі және мерзімдері**

41. Орталықтандырылған есепке қоюға жататын есеп құжаттары, жолданған әліпбелік есеп карточкаларының, дактилоскопиялық карталардың және сottтылық (қамауға алыну) туралы хабарламалардың саны, дактилоскопиялық формуласы көрсетіле отырып, әліпбелік ретте құрастырылған 2 дана бақылау

тізімі қоса беріле отырып, Комитетке ілеспе хатпен он жұмыс күні ішінде бір реттен кем емес уақытта осы Қағиданың 11 қосымшасына сәйкес жолданады.

42. Комитетпен мәліметтердің толықтығына, нақтылығына және АЕА АА, АДАЖ мерзімінде енгізілуге, сонымен бірге Комитеттің орталықтандырылған есебіне ұсынылған ақпараттық есеп құжаттарының толықтығы мен нақтылығына бақылау жүргізу жүзеге асырылады.

43. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінен толықтығы мен нақтылығы анықтауды, тексеруді қажет ететін орталықтандырылған есепке алуға жататын есеп құжаттары, дер кезінде ұсынылмау себептерін көрсете отырып, жеке ілеспе хатпен Комитетке жолданады.

## **11. Комитеттің аумақтық органдарында есеп құжаттарын өндөу**

44. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотека осы Қағиданың 12 қосымшасына сәйкес оларды орналастырудың қатаң тәртібімен жүргізіледі.

Әліпбилік есеп карточкаларын картотекаға орналастырғанда, онда осы жұмысты жүргізген қызметкердің тегі және күні, ал дактилоскопиялық картаның артқы бетінің сол жақ бұрышында дактилоскопиялық формуланы есептеген қызметкердің тегі, есептеген күні көрсетіледі, соттылық (қамауға алыну) туралы хабарламада әліпбилік есеп карточкасымен салыстыру жұмысын және сәйкес өзгерістер енгізу жүргізген қызметкердің тегі көрсетіледі.

Комитеттің әскери және көліктік аумақтық органдарында іс жүргізу шешімдерінің келіп түсін бақылайтын картотека жүргізіледі.

45. Комитеттің аумақтық органдарымен субъектілерден келіп түскең есеп құжаттарының мерзімінде ұсынылуы және рәсімделуінің дұрыстығы, дактилоскопиялық карталардағы, әліпбилік есеп карточкасындағы саусақ бедерінің сапасы мен бірдейлігі тексеріледі.

Қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтер әліпбилік есеп карточкасына толық және дәл енгізілуге тиіс.

Толық емес немесе сәйкес келмейтін әртүрлі мәліметтер анықталғанда, оларды толықтыру немесе нақтылау жөнінде шұғыл шаралар қолданылады.

Сотталған тұлғаның әліпбилік есеп карточкасында саулнамалық деректері өзгерген болса, сәйкес сот қаулысының негізінде өзгеріс енгізіледі. Саулнамалық деректердің өзгеруі туралы сот қаулысының көшірмесі Комитетке жолданады.

46. Анықтама деректерін өзгерткен азаматтар туралы көші-қон қызметі бөлімшелерінен келіп түскең мәліметтерді Комитеттің аумақтық органдарының қызметкерлері тегі бойынша есептен тексереді.

Анықтама деректерін өзгерткен азаматтар туралы мәліметтер болса, жаңа сауалнамалық дерекпен тегі бойынша картотекаға орналастыру үшін Комитеттің аумақтық органының қызметкерімен 1 дана әліпбилік есеп карточкасы құрастырылады, ал мәлімет үш жұмыс күнінен кешіктірілмей АЕА АА енгізіледі (көші-қон қызметі бөлімшесі хатының (олардың шығыс және кіріс номерімен) және Қазақстан Республикасының халықты құжаттандырудың орталықтындырылған ақпараттық базасының формуляр мәліметтерінің немесе 1-нысанның (1974 жылғы төлқұжаттың үлгісі үшін) графикалық көшірмелері тіркеледі. Бұл ретте, бұрынғы сауалнамалық деректері жазылған әліпбилік есеп карточкасына толық түрде азаматтың анықтама деректерін өзгерткені туралы белгі қойылады, осындай мәлімет АЕА АА енгізіледі.

Анықтама деректерін өзгерткен азаматтар туралы әліпбилік есеп карточкасы Комитеттің орталықтандырылған есебіне және МАБ-қа ұсыну үшін бұрын жіберілген жағдайда, Комитеттің аумақтық органының қызметкерімен жаңа сауалнамалық деректер бойынша 2 дана әліпбилік есеп карточкасы құрастырылады, тізім қоса салынып, АЕА АА енгізілген сәттен бастап, он жұмыс күні ішінде ілеспе хатпен Комитетке жолданады. Илеспе хатта бұрынғы анықтама деректерімен жіберілген материалдың Комитетке жіберілген күні көрсетіледі, 1 данасы Комитеттің тегі бойынша картотекасына, екіншісі РФ ПМ БАТО жолданады.

Комитеттің аумақтық органы жарты жылда бір рет көші-қон қызметі бөлімшелерімен анықтама деректерін өзгерткен азаматтар туралы ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен мерзімін тексеру үшін салыстыру жұмыстарын жүргізеді.

47. Тергеу абақтыларынан әліпбилік есеп карточкасы мен дактилоскопиялық карта келіп түскенде, Комитеттің аумақтық органдарымен саусақ іздері бойынша дактилоскопиялық формула есептеледі, ол әліпбилік есеп карточкасы мен дактилоскопиялық картада көрсетілуге жатады.

Комитеттің аумақтық органының дактилоскопиялық картотекасына 1 данадан дактилоскопиялық карта орналастырылады. Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша картотекасына 1 данадан әліпбилік есеп карточкасы орналастырылады.

Дактилоскопиялық карта картотекаға орналастырудан бұрын, басқа сауалнамалық деректерді жамылдып жасырынған тұлғаларды анықтау мақсатында тексеріледі.

Қамауға алынғандардың әліпбилік есеп карточкаларының екінші данасынан тергеу (анықтау) органдарынан немесе соттардан келіп түсетін іс жүргізу

шешімдеріне бақылау жасау үшін картотека жасалады. Қалған әліпбилік есеп карточкалары және дактилоскопиялық карталар аталған картотекада әліпбилік қатармен жүйелендіріледі.

Қамауға алынушының саулнамалық деректерін анықтау (өзгеру) туралы, тергеу (анықтау) органдарының және соттардың қаулыларының негізінде құрастырылған әліпбилік есеп карточкалары және дактилоскопиялық карталар тергеу абақтысынан келіп түскенде, бұрынғы әліпбилік есеп карточкалары және дактилоскопиялық карталар жойылады да, олардың орнына жаңа есеп құжаттары орналастырылады.

Іс жүргізу шешімдері, бұлтартпау шарасының өзгеруіне байланысты қамауға алынғандардың босатылуы туралы мәліметтер тергеу абақтысынан келіп түскен жағдайда, әліпбилік және бақылау картотекасының есеп құжаттарына тиісті белгі қойылады.

Бір дана әліпбилік есеп карточкасы орталықтандырылған есепке қоюға жіберілетін жағдайда, аумақтық органның тегі бойынша картотекасында орналасқан есеп карточкасына оның Комитетке жіберілген күні туралы белгі қойылады.

48. Комитеттің аумақтық органдары тергеу (анықтау) органдарымен немесе сотпен қабылдаған іс жүргізу шешімдерінің келіп түсуін қамтамасыз ету үшін, тергеу абақтысының картотекасымен тоқсанына 1 реттен аз емес салыстыру жұмысын жүргізеді, ол туралы акт құрастырылады.

Комитеттің аумақтық органдарының дактилоскопиялық есепті жүргізетін қызметкерімен өткен айдың барысында АДАЖ енгізілген, белгілі тұрағы жоқ ұсталған тұлғалардың тізімі әр айдың 5-де Комитеттің мекен-жайына жолданады.

Дактилоскопиялық есепті жүргізетін Комитеттің аумақтық органдарының қызметкері, ұсталғандардың дактилоскопиялық картасын тексергенде қол саусақ іздерінің жағдайын және дактокартаның толтырылу сапасына, сотпен санкция мерзімі ұзартылған жағдайдан басқа қабылдау-бөлу мекемелерінде ұстау мерзімдерінің сақталуына, яғни 30 күнтізбелік күннен аспауын тексереді.

49. Комитеттің әскери және көлік аумақтық органдарымен әліпбилік есеп карточкалары түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде өндөлуге және АЕА АЖ енгізуге жатады.

Қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтер бар әліпбилік есеп карточкалары АЕА АЖ енгізілгеннен кейін, үкімнің (қаулының) және жеке басын растайтын құжаттың графикалық көшірмелері тіркеліп, он жұмыс күні ішінде Комитеттің сәйкес аумақтық органдарына (қылмыс жасаған орнына байланысты) тегі бойынша картотекаға орналастыру үшін жолданады.

Комитеттің әскери және көлік аумақтық органдарында іс жүргізу шешімдері туралы мәліметтер жоқ карточкалардан бақылау картотекасы құрастырылады.

Комитеттің әскери және көлік аумақтық органдарының қызметкерлері қабылданған іс жүргізу шешімдері туралы келіп түскен мәліметтерді әліпбелік есеп карточкасына жазып, үкімнің (қаулының) және жеке басын растайтын құжаттың графикалық көшірмелері тіркей отырып, АЕА АЖ бес жұмыс күні ішінде енгізеді және он жұмыс күні ішінде Комитеттің сәйкес аумақтық органына (қылмыс жасаған орнына байланысты) тегі бойынша картотекаға орналастыру үшін жолдайды.

Комитеттің әскери және көлік аумақтық органдары, тергеу (анықтау) органдары немесе сотпен қабылдаған қылмыстық істер бойынша іс жүргізу шешімдерінің, қылмыстық қудалау қысқартылған тұлғаларға қатысты мәліметтердің келіп тусуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді.

50. Комитеттің аумақтық органы қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданбаған тұлғаларға қатысты іс жүргізу шешімі туралы мәлімет келіп түскен сәттен бастап , бес жұмыс күнінен кешіктірмей оларды әліпбелік есеп карточкасына жазып, тегі бойынша картотекаға орналастырады және үкімнің (қаулының) және жеке басын растайтын құжаттың графикалық көшірмелерін тіркей отырып, АЕА АЖ енгізеді.

Қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданбаған бұл санаттағы әліпбелік есеп карточкалары, бірақ МАБ жолдануға жататындардан басқасы, Комитетке жолданбайды.

Әскери және көлік органдарын қоса, Комитеттің аумақтық органдары әр айдың 1-де және 15-де екі рет АЕА АА жүйесіне енгізілген, занды күшіне енген іс жүргізу шешімдерін осы Қағиданың 13 қосымшасына сәйкес, сонымен бірге қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданбаған, бірақ МАБ жолдануға жататын 1 дана әліпбелік есеп карточкасын, қамауға алу бұлтартпау шарасы қолданбаған тұлғаларға қатысты әліпбелік тәртіpte құрастырылған тізімді Комитетке жолдайды.

51. Қылмыстық-атқару инспекциясы қызметімен Комитеттің аумақтық органына ұсынылған басқа облыстың соттарымен сотталған тұлғаларға қатысты әліпбелік есеп карточкалары картотекаға орналастырылады. Хабарламадағы мәліметтер әліпбелік есеп карточкасына жазылып, АЕА ААЖ енгізіледі.

52. Қылмыстық-атқару инспекциялары органымен Комитеттің аумақтық органына ұсынылған есеп құжаттарының рәсімделу тәртібі және мерзімі тоқсанына 1 реттен кем емес уақытта, есеп мәліметтеріне салыстыру жұмыстарын жүргізу арқылы аумақтық органмен жүзеге асырылады.

Қылмыстық - атқару инспекциялары органына жүргізілген салыстыру жұмыстарының нәтижесі 2 данада актімен рәсімделеді және оған орган басшысының қолы қойылады, актінің 1 данасы аумақтық органда сақталады.

53. Жеке айыптау ісі бойынша занды күшіне енген үкім (қаулы) келіп түскенде (ақталған негізде қысқартылған жеке айыптау қылмыстық ісінен басқасы) 1 дана әліпбилік есеп карточкасы құрастырылады, мәлімет түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ енгізіледі, (занды күшіне енген үкімнің (қаулының) графикалық көшірмесі тіркеледі), қағаз жүзіндегі есеп құжаты аумақтық органның картотекасына орналастырылады.

54. Комитеттің аумақтық органының құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімшелері әскери және көлік органдарымен қоса, ББСЖ деректер қорына езгертулер енгізгеннен кейін немесе қате енгізілген мәліметтерді жойғаннан кейін, тегі бойынша есепке алу бөлімшелеріне хабарлайды.

Комитеттің аумақтық органының құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімшелері қабылданған іс жүргізу шешімдері (істі сотпен қараудың нәтижесі туралы анықтама, қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғаларға қатысты қылмыстық істі қысқарту туралы әліпбилік есеп карточкасы) туралы мәліметтерді тегі бойынша есепке толық және мерзімінде ұсынуды қамтамасыз етеді.

Комитеттің аумақтық органының құқықтық статистиканы қалыптастыру бөлімшелері бақылау салыстыру жұмыстарын жүргізу үшін, есеп кезеңі бойынша тегі бойынша есепке алу бөлімшелеріне төмендегі тұлғаларға қатысты тізім ұсынады:

сотпен сотталғандарға (занды күшіне енген сот актілері бойынша);

ақталмайтын негізде сотпен қысқартылған қылмыстық істер, оның ішінде жеке айыптау істері бойынша (занды күшіне енген сот актілері бойынша);

қылмыстық іс (кудалау) сотпен ақталған негізде қысқартылған айыпталушы ретінде тартылғандарға, жеке айыптау істерінен басқа (занды күшіне енген сот актілері бойынша);

қылмыстық іс (кудалау) қылмыстық қудалау органымен ақталған негізде қысқартылған айыпталушы ретінде тартылғандарға (прокурордың қортындысы бар қаулылар бойынша);

қылмыстық іс (кудалау) прокурормен ақталған негізде қысқартылған айыпталушы ретінде тартылғандарға;

апелляция, кассация және қадағалаушы инстанциялармен сотпен шешім шығарылғандарға;

сот арқылы әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттігі шектеулі деп танылғандарға.

Салыстыру жұмысының нәтижесі актімен рәсімделеді, Комитеттің аумақтық органының құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алу бөлімшелерінің бастықтарымен бекітіледі.

Әскери және көлік органдарын қоса, Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алу бөлімшелерінің қызметкері сәйкесіздік анықталған жағдайда, оны анықтау бойынша шұғыл шара қабылдал, анық мәлімет алған сәттен бастап 24 сағаттың ішінде АЕА ААЖ жетіспеген мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді.

55. Әскери және көлік органдарын қоса, Комитеттің аумақтық органдарымен тегі бойынша есепке алу және статистика бөлімшелерінің мәліметтеріне он күн сайын өзара салыстыру жұмыстары жүргізіледі. Көрсетілген кезең бойынша 2.0 2.1 және 6.0 нысанды статистикалық карточкалардың ББАЖ жүйесінен басылып шығарылған мәліметтері АЕА ААЖ мәліметтерімен салыстырылады, яғни айыпты ретінде жауапкершілікке тартылған тұлғалар, тергеу (анықтау) органдарымен, прокурормен немесе сотпен қабылданған іс жүргізу шешімдері, сондай-ак айып тағылмай қылмыстық іс ақталмайтын негізде қысқартылған тұлғалар туралы мәліметтердің тегі бойынша есепте тұрғандығын тексеру үшін.

Он күндік салыстыру жұмыстарының нәтижесі айна бір рет жинақтау актісімен рәсімделеді және Комитеттің аумақтық органының құқықтық статистиканы қалыптастыру және арнайы есепке алу бөлімшелерінің бастықтарымен бекітіледі.

Сәйкесіздіктер анықталған жағдайда, Әскери және көлік органдарын қоса, Комитеттің аумақтық органының тегі бойынша есепке алу бөлімшесінің қызметкері оны анықтау үшін шұғыл шара қолданады, нақты мәлімет алынған сәттен бастап 24 сағаттың ішінде АЕА ААЖ жетіспейтін мәліметті енгізеді.

56. Комитеттің аумақтық органы қабылдаушы-бөлуші органдарымен ұсынылған белгілі тұрағы немесе жеке басын растайтын құжаттары жоқ ұсталынған тұлғаларға қатысты есеп құжаттарының толықтығына және мерзімінде тапсырылуына жарты жылда 1 реттен кем емес уақытта тексеру жүргізеді.

57. Әліпбелік есеп карточкасына сottылық (қамауға алу) туралы хабарламаға сәйкес, сottалғандардың қозғалысы, занды күшіне енген сот үкімінің өзгеруі, сottалушиның босатылуы, өлімі мен оның тіркелген орны т.б. мәліметтер енгізіледі.

Сottылық туралы хабарламаның және басқа да түзету құжаттарының мәліметтері Комитеттің аумақтық органына келіп түскен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде АЕА ААЖ енгізіледі.

Комитеттің аумақтық органына ұсынылған айрықша жазасының орындалғаны туралы "үкім бойынша кетті" деген белгісі бар хабарлама сottалған жеріндегі аумақтық орган мен Комитетте жалпыға бірдей тәртіппен өндөледі.

Әліпбилік есеп карточкасына сотталушының өлімі, айрықша жазаға кесілген тұлға жөнінде үкімнің орындалуы туралы мәліметтер енгізілгеннен кейін, олардың дактилоскопиялық картасы жойылады.

58. Босату туралы, оның ішінде шартты мерзімінен бұрын босату, есептен алу, үкімнің өзгеруі туралы хабарлама Комитеттің аумақтық органына келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде Комитетке жолдауға жатады.

Түзету мекемесінің және қылмыстық-атқару инспекциясының келу-кету туралы қағаз жүзіндегі хабарламалары Комитетке ұсынылмайды.

Комитеттің аумақтық органы айна бір реттен кем емес уақытта сотталған тұлғалардың тізімін, АЕА ААЖ енгізілген соттылықтың қозғалысы туралы мәліметтерді, оның ішінде мекемеге кетуі, келуі және қылмыстық-атқару инспекциясына еспеке қойылуы туралы мәліметтерді осы Қағиданың 14 қосымшасына сәйкес Комитетке жолдайды.

59. Тегі бойынша және дактилоскопиялық есептің қызметкерімен соттылық туралы хабарлама өндөлгенде (оның ішінде қозғалыс) қабылданған шешімнің заңдылығы Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің (әрі қарай ҚР ҚК) және ҚҰЖК нормалары талаптарының сақталуы бойынша тексеріледі.

Заңнамалардың бұзылуы анықталған жағдайда, Комитеттің аумақтық органы қадағалаушы прокурорға бұзушылық туралы ақпарат жолдайды.

60. Үлттық қауіпсіздік органдарының хабарламасына сәйкес, әліпбилік есеп карточкаларына олардың мұрағатында сақтаулы жатқан қылмыстық істердің мұрағат сандары енгізіледі.

61. Тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекадағы есеп құжаттарының сақталу мерзімі арнайы осы Қағиданың 15 қосымшасына сәйкес тізімдемемен белгіленеді.

## **12. "Арнайы есепке алу" автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне (АЕА ААЖ) және автоматтандырылған дактилоскопиялық ақпараттар жүйесіне (АДАЖ) есеп құжаттарын енгізуіндің тәртібі**

62. Комитеттің автоматтандырылған ақпараттар жүйесін (әрі қарай - ААЖ) жүргізу бойынша Әскери және көлік органдарын қоса, Комитеттің аумақтық органының қызметі прокуратура органдары мен мекемелерінің ақпараттық қауіпсіздігің қамтамасыз ету бойынша нормативтік актілердің талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Әскери және көлік органдарын қоса аумақтық органның қызметкерлері арнайы оқытудан өтеді және ААЖ мәліметтерін рұқсатсыз пайдалану, сонымен бірге парольдік ақпаратты жариялауға болмайтыны туралы жауапкершілікте екендіктері ескертіледі.

Жеке логиндар мен парольдарды беру, сонымен бірге ААЖ пайдаланушы мәртебесіне өзгеріс енгізу тек Комитетпен жүзеге асырылады.

63. Әскери және көлік органдарын қоса аумақтық органның қызметкері, АЕА ААЖ мәліметтерді енгізу кезінде әліпбилік есеп карточкаларына оператордың нөмерімен мөр қояды.

АДАЖ жүйесіне енгізгенде дактилоскопиялық картаға оператордың тегімен мөртабан қойылады және база арқылы берілген дактилоскопиялық картаның реттік саны шығады.

64. Қылмыс жасаған, қылмыстық жауапкершілікке тартылған және сотталған тұлғаларға қатысты құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен ұсынылған әліпбилік есеп карточкаларының және түзету құжаттарының мәліметтері қатаң түрде сәйкес деректемелерге қысқартусыз, әскери және көлік органдарын немесе аудандық (қалалық) бөлімшелерді қоса Комитеттің аумақтық органын келіп түсken күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде АЕА ААЖ енгізіледі.

Комитеттің аумақтық органының әскери және көлік органдарын қоса алғанда аудандық (қалалық) бөлімшелернің қызметкері әліпбилік есеп карточкаларын алғаннан кейін, бес жұмыс күні ішінде мәліметтерді АЕА ААЖ енгізеді және оны Комитеттің аумақтық органына жолдайды.

Қылмыстық іс (қудалау) сотпен қысқартылған тұлғаларға қатысты мәліметтер міндетті түрде үкімнің (қаулының) шыққан күні, қысқартусыз соттың аты, ҚР ҚҚ, ҚІЖҚ баптарына сілтеме жасалып, сот үкімнің (қаулының) занды күшіне енген күні көрсетіліп АЕА ААЖ енгізіледі.

Қылмыстық іс (қудалау) қылмыстық қудалау органымен қысқартылған тұлғаларға қатысты мәліметтер АЕА ААЖ енгізілгенде, міндетті түрде қылмыстық істі қысқарту туралы қаулы шығарған органның аты, қаулының шыққан күні, ҚР ҚҚ, ҚІЖҚ баптарына сілтеме, қылмыстық істі (қудалауды) қысқартудың негізімен прокурордың келісімі туралы прокурордың қортындысы немесе бекітуі туралы ақпарат көрсетіледі.

Қылмыстық іс (қудалау) қысқартылған (жергілікті есеп) тұлғаларға қатысты мәліметтерді АЕА ААЖ енгізгенде, міндетті түрде жауапты қызметкермен куәландырылған төмендегі дәлелдеме құжаттардың графикалық көшірмелері тіркелуі керек:

егер қылмыстық іс (қудалау) қылмыстық қудалау органының өндірісімен қысқартылса – прокурормен келісілген қылмыстық істі (қудалауды) қысқарту туралы қаулы, ал қылмыстық іс ақталушы негізде қысқартылған жағдайда, қосымша қылмыстық істі (қудалауды) қысқартудың негізімен келіскең прокурордың дәлелдемелі қортындысы;

егер қылмыстық іс (қудалау) сотпен қысқартылса, онда сотпен қарау нәтижесі туралы анықтама немесе занды күшіне енген сот шешімінің қылмыстық істі (кудалауды) қысқарту туралы қаулысы (үкімі).

65. Есеп мәліметтерін АЕА ААЖ енгізедің алдында, әскери және көлік органдарымен қоса Комитеттің аумақтық органының немесе аудандық (қалалық) бөлімшелердің қызметкері, осы тұлғаға қатысты сottылықтың бар/жоғы туралы мәліметті АЕА ААЖ, ББАЖ тексереді.

АЕА ААЖ бұрын енгізілген мәліметтерде немесе саулнамалық деректерде сәйкесіздік анықталса, қызметкер оны анықтауға шара қолданады, қабылданған шараның нәтижесі бойынша 24 сағаттың ішінде АЕА ААЖ жетіспеген мәліметтерді енгізуі қамтамасыз етеді, міндегі түрде дәлелдейтін құжаттардың графикалық көшірмелерін тіркейді (жеке бастың қуәлігі, сот үкімі (қаулысы), актінің занды күшіне енуі туралы анықтама)

Комитеттің аумақтық органының қызметкері, әліпбилік есеп карточкасын картотекаға орналастыру кезінде, бұрын сottалған, айыпталушы ретінде қылмыстық жауапкершілікке тартылған тұлғалардың жалған саулнамалық дерекпен тұрғанын анықтау мақсатында, Комитеттің аумақтық органының картотекасынан іздеу арқылы тұлғаны жергілікті есеп бойынша тексереді.

Тегі бойынша картотекадан бұрын АЕА ААЖ енгізілмеген осы тұлғаға қатысты әліпбилік есеп карточкасы табылған жағдайда, мәлімет бұрынғы қойылған есеп құжаты бойынша АЕА ААЖ енгізіледі. Егер әліпбилік есеп карточкасы орталықтандырылған есепке қоюға жататын болса, онда оның көшірмесі құрастырылады және орнатылған тәртіpte жеке ілеспе хатпен есепке қоюдың мерзімінің бұзылу себебін көрсете отырып, Комитетке жолданады.

66. Қылмыс жасаған, қамауға алынған, сottалған және белгілі тұрағы және жеке басын растайтын құжаты жоқ ұсталғандарға қатысты мәліметтер АДАЖ жүйесіне құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерімен ұсынылған дактилоскопиялық картаның негізінде, Комитеттің аумақтық органына келіп түсken күннен бастап бес жұмыс күнінен аспайтын мерзімде енгізіледі.

Орталықтандырылған есепке қоюға жатпайтын ақпараттық есеп құжаттары (қамауға алынған тұлғалар қылмыстық іс қысқартылған, белгілі тұрағы және жеке басын растайтын құжаты жоқ ұсталғандарға қатысты) АДАЖ аумақтық облыс базасына енгізіледі, дактилоскопиялық карталар картотекаға орналастырылады.

Мәліметтерді АДАЖ енгізгенде Комитеттің аумақтық органына арналған есеп құжаттарын АДАЖ енгізу және сұрауларды өндеу туралы методикалық ұсынымын басшылыққа алу қажет.

### **13. Комитеттің аумақтық органдарымен Комитеттің арнайы есепке алу басқармасына сұраулардың жолдануы**

67. Тегі бойынша, дактилоскопиялық және іздеу есептерінде түрган тұлғаларға қатысты сауалнамалық деректерге АЕА ААЖ өзгеріс енгізу, есептен алу, қате енгізілген мәліметтерді жою тек Комитеттің арнайы есепке алу басқармасымен жүзеге асырылады (әрі қарай - АЕБ).

АЕА ААЖ жүйесіндегі және картотекадағы есеп мәліметтерінде сәйкесіздік анықталған жағдайда, мәліметке түзету енгізудің қажеттілігін анық көрсете отырып, жауапты қызметкермен бекітілген құжаттың графикалық көшірмесі тіркеліп, Комитеттің аумақтық органымен АЕБ дәлелді сұрау жолданады.

Сұраулар аумақтық басқарманың басшысының немесе жетекші орынбасардың қолы қойылып жолданады.

Мәліметтері түзетуге жататын тұлғаларға қатысты тізім қатаң түрде тегі бойынша әліпбелік тәртіpte рәсімделеді.

68. Сот шешімімен ақталған тұлғаларға қатысты, сонымен бірге қылмыстық іс ақталған негізде қысқартылған немесе маңызы шамалы қылмыстар туралы мәліметтерді есептен алу туралы сұрауларды АЕБ жолдағанда АЕА ААЖ әліпбелік есеп картоскасының және іс жүргізу шешімінің графикалық көшірмелері міндетті түрде тіркеледі.

69. АЕА ААЖ қате енгізілген мәліметтерді жою үшін жіберілген сұрауда жоюдың себебі көрсетіледі (аумақтық орган қызметкерінің алаңғасарлығынан, ББАЖ-нен көшірілгенде, құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілерінің дұрыс мәлімет бермеуінен, әскери және көлік органымен қоса аумақтық орган қызметкерінің қате енгізуінен).

### **14. Есепке алушың ақпараттық қорларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар**

70. Ақпараттық есеп құжаттары анықтама жұмыстарын жүргізуге ынғайлы арнайы шкафттарда сақталуға жатады. Шкафттар оқшауланған, жаңашылдандырылған өрт сөндіру құралдарымен, күзет және өрт сөндіру дабылқақыштарымен жабдықталған жеке бөлмелерде (картоека) орналастырылады. Картоека бөлмесі көрші бөлменің қабырғасынан жанбайтын қабырғамен бөлінуі керек.

Картотекаға кіретін жер қодпен құлпы бар темір есікпен жабдықталуы керек. Картотеканың терезелерінде міндетті түрде ашылатын темір тор орнатылуы тиіс (ішінен құлыпқа жабылатын).

Картотека бөлмесі арқылы газ, су, көріз құбырлары өтпеуі керек. Ақпараттық есеп құжаттары жарық, ылғалдылық, температуралық және тазалық режиміне сәйкес жағдайда сақталуы қажет.

71. Бөтен тұлғаларға, оның ішінде картотекамен жұмыс істеу қызметтік міндетіне кірмейтін қызметкерлерге картотека бөлмесіне кіруге тиым салынады. Арнайы есепті жүргізу бойынша атқаратын жұмыстарын ескере отырып, Комитеттің аумақтық органының басшысымен картотека бөлмесіне кіруге рұқсат етілген қызметкерлердің тізімі бекітіледі.

72. Картотекалық қорларды және ондағы ақпараттардың сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында тыйым салынады:

- 1) белгіленген сақталу мерзімі өткенше әліпбілік есеп карточкаларын және дактилоскопиялық карталарын алып тастауға;
- 2) картотека қызметкерлері емес тұлғаларға есеп құжаттарын уақытша пайдалануға берілмейді;
- 3) автоматтандырылған ақпараттық жүйеге рұқсатсыз қолсұғуды бақылау жұмысын және қорғау құралдарымен қамтамасыз етпей автоматтандырылған есепке алуды жүргізуіді.

## **15. Мемлекеттік органдарға және тұлғаларға қатысты тексеру шараларын жүргізуге уәкілеттігі бар ұйымдарға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету**

73. Мемлекеттік органдардың, тұлғаларға қатысты тексеру шараларын жүргізуге уәкілеттігі бар ұйымдардың сұраулары бойынша, тексерудің негізіне байланыссыз, Комитеттегі және оның аумақтық органдарындағы тұлғаларға қатысты барлық мәліметтер тексеру күніне сәйкес ұсынылады:

акталмайтын негізде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылғандарға қатысты; сottылықтың жойылғанына, алынып тасталғанына, жауапкершілікке тартылған, сottалған және жазасын өтеген күніне байланыссыз, қылмыс жасағандар, қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар, сottалғандар, оның ішінде шетелде қылмыстық жауапкершілікке тартылған және жазасын шетелде өтеп жүрген Қазақстан Республикасының азаматтары;

белгілі тұрағы және құжаттары жоқ ұсталғандар;

Қазақстан Республикасынан тыс жерде іздеуде жүргендер, айып тағылғандар; сотпен әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеттілігі жоқ деп танылғандар; әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың есебінде тұрғандар; жемқорлық құқық бұзушылық жасағандардың есебінде тұрғандар; мемлекеттік қызметтен теріс уәжбен шығарылғандар.

74. Дактилоскопиялық картотекадан және АДАЖ тексеру, егер де олар басқаның немесе ойдан шығарылған саулнамалық деректерді атады деген сезікке негіз болған жағдайда тұлғаның болмаса белгісіз мәйіттің саулнамалық деректерін анықтау үшін жүргізіледі.

75. Мемлекеттік органдар, тұлғаларға қатысты тексеру шараларын жүргізуге уәкілеттігі бар үйымдар Комитеттің және оның аумақтық органындағы есептегі мәліметтерді осы Қағиданың 16 қосымшасына сәйкес талап бланкілерінде өтеусіз негізде сұрау салу арқылы жүзеге асырады.

Дактилоскопиялық есеп бойынша тексеру үшін тексерілетін тұлғаның саусақ іздері бар дактилоскопиялық картасы жолданады.

76. Талап қағаз жүзінде рәсімделеді және сұрау салу бастамашысы болған органның басшысының қолы қойылып, тексерілетін тұлғалардың тізімін қоса беріліп, ілеспе хат арқылы пошталық байланыспен немесе қолма-қол Комитеттің аумақтық органдарына жолданады.

Комитет есебіне тек мемлекеттік органдардың орталық аппараттарының жүгінуіне рұқсат етіледі.

Комитеттің аумақтық органының аудандық, қалалық бөлімшелерінде, орнатылған тәртіpte жедел-іздестіру қызметін, тергеу, анықтауды жүргізетін ішкі істер органдарының, қаржы полициясының, ұлттық қауіпсіздіктің, кедендік бақылаудың, қылмыстық-атқару жүйесінің талаптарын төтенше жағдайда қағаз жүзінде орындауға жатады.

Электронды талаптарды электронды–сандық қолтаңбаны қолдану арқылы ақпараттық жүйенің көмегімен жолдауға рұхсат етіледі.

Электронды талап 2003 жылдың 7 қаңтарындағы № 370 II Қазақстан Республикасының "Электронды құжат және электронды–сандық қолтаңба туралы" Заңына сәйкес рәсімделеді.

77. Азаматтарға қатысты тексеру шараларын жүргізуге уәкілетті мемлекеттік және басқа органдар, үйымдар талаптарды жолдағанда, міндettі тәртіpte ілеспе хатта азаматтарды тексеруге құқық берген нормативтік құқықтық актіге сілтеме жасайды.

Бұл тәртіп заңнамалық тәртіппен орнатылған жедел-іздестіру қызметін, тергеуді, анықтауды, жазаны орындауды жүргізетін мемлекеттік органдарға, Қазақстан Республикасының соттарына, Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының көші-қон қызметі бөлімшелеріне, рұқсат беру жүйелеріне және қорғаныс істері органдарына қолданылмайды.

Ілеспе хатта азаматтарды тексеруге құқық берген нормативтік құқықтық актіге орган немесе мекеме сілтеме жасамаған жағдайда, Комитеттің аумақтық органы талапы орындалмай кері қайтаруға құқығы бар.

78. Талап әрбір тексерілетін тұлғаға жеке құрастырылады. Тегі, аты, әкесінің аты анық, бірінші әріптері бас әріппен баспаша түрде жазылады. Туылған күні жөне туған жері толық көрсетілуі қажет. Егер туған күні, айы белгісіз болса, онда сәйкес бағанға "00" жазуы қойылады. Тексерілетін тұлғаның әкесінің аты болмаса, сәйкес бағанға "жоқ" деген жазу енгізіледі.

Атын, әкесінің аты мен тегін өзгерген тұлғаларға бұрынғы және өзгерген сауалнамалық деректері көрсетілген жеке талап рәсімделеді.

Қосарлы тегі, аты, әкесінің аты бар тұлғаларға тегі, аты, әкесінің аты орындарымен ауыстырылған қосымша талап рәсімделеді.

79. Талапта міндettі түрде барлық деректемелер толтырылады (тегі және әкесінің аты болған жағдайда). Талап бланкісінің нысанын өзгертуге болмайды.

80. Комитеттің және оның аумақтық органдарының мәліметтерін тізім бойынша сұрату құқығына ұлттық қауіпсіздік органдары, сонымен қатар алқа билікке үміткерлерді тексерген кезде жергілікті атқарушы органдар ие. Тізімде міндettі түрде тексерілетін тұлғалардың сауалнамалық деректері: тегі, аты, әкесінің атын, туған күні, айы, жылды және туған жері көрсетілуі тиіс. Тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін, айын, жылдын және жерін өзгерген тұлғалар бұрынғы және өзгерген сауалнамалық деректерін көрсетуі қажет. Тізімнің әрбір параграфы орган мөрімен және тексеруге бастамашы болған органның басшысының қолымен бекітіледі.

Алқа билікке үміткерлерге сұраулар, тізім түрінде ұсынылған осы Қағиданың 17 қосымшасына сәйкес үш жұмыс күні ішінде, ал қалған тізім бойынша сұраулар он жұмыс күні ішінде орындауға жатады.

Көлемі 10 мың тұлғадан асатын тізім түскенде, Комитеттің аумақтық органының және бастамашы органның басшыларымен тексеру жүргізуі кезеңмен жүргізуі үйімдастыру үшін, бірлескен жоспар-кесте әзірленеді.

81. Республика соттарының қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істердің қаралу шеңбері аясында Комитеттің аумақтық органына арнайы есептің мәліметтерін алу үшін сот төрешісінің қолымен сұрау салуға құқығы бар.

Есеп бойынша тексеру жүргізу үшін Комитетке Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот төрешілерінің жүгінуіне болады.

82. Талаптар Комитетке және оның аумақтық органына келіп түскен сәттен бастап, 5 жұмыс күннің ішінде орындалады.

Анықтау тәртібінде тексерілетін, сотқа дейінгі оқайлатылған өндіріс істері бойынша, сонымен бірге құдіктілерге, ҚР ҚІЖК 132-бабымен ұсталғандарға және ҚР ҚІЖК 140-бабының 1-бөлігінің 4, 5, 6 тармақтарымен құдіктілерге/айпталушыларға бұлтартпау шарасын қолдануды шешу кезіндегі талаптар түскен сәттен бастап бір тәуліктің ішінде орындауға жатады. Бұл ретте талапта "Анықтау", "Сотқа дейінгі оқайлатылған өндіріс", "ҚР ҚІЖК 132-бабымен

"ұсталған", "Бұлтартпау шарасы ҚР ҚҰЖК 140-бабының 1-бөлігінің 5, (6 немесе 7) тармақтары" деген белгі қою керек.

Ақпараттық жүйе арқылы келіп түсken талаптар, он-лайн режимінде орындалады.

83. Комитетке және оның аумақтық органына ұсынылған талаптар мен сұраулардың осы Қағиданың 76-84 тармақтарының бұзылып рәсімделуі, сұрауды орындағай сұрау салған бастамашыға кері қайтаруға негіз бола алады.

84. Факсимильдік байланыс арқылы келіп түсken сұраулар, сондай-ақ халықаралық келісімдерде белгіленген тәртіпті бұзып ұсынылған шетел мемлекеттерінің қылмыстық қудалау органдарының сұраулары орындауға жатпайды.

85. Құқық қорғау/мемлекеттік қызметке түсуге үміткерлерге қатысты, сонымен бірге олардың туысқандарына арнайы тексеру жүргізуге талаптарды жолдау ұлттық қауіпсіздік органымен жүргізіледі.

Қызметкерлерге қатысты құқық қорғау және басқа мемлекеттік органдардың кадр қызметімен жолданған талаптар, заңнама нормасына сілтеме жасау арқылы жолданады.

Тексеру шараларын жүргізетін органға байланысты мемлекеттік құпияға рұқсаттама рәсімдеуде, тұлғаға талап ұлттық қауіпсіздік органымен немесе органның, мекеменің мемлекеттік құпияны қорғау бөлімшесімен жолданады.

86. Талапта тексеру нәтижелері үлгісі Комитеттің ұйымдастыру-өкімдік актісімен расталатын мөртабанды қою арқылы көрсетіледі. Бұл талап электронды – сандық қолтаңбаны қолдану арқылы ақпараттық жүйенің көмегімен жіберілген электронды талаптарға қолданылмайды.

87. Есептен тексерілетін тұлғаға саулнамалық деректері ұқсас тұлға шығып, (тегі, аты, әкесінің атында айырмашылық), тексерілетін тұлға есепте тұрған тұлға деуге негіз бар болған жағдайда және саулнамалық дерек қателіктің салдарынан болса, онда мәлімет "мына адамға мәлімет бар..." деп беріледі.

Тексерілетін тұлғаның есепте тұрған тұлғаға қатысы бар-жоғын сұрау салған бастамашы өзі анықтайды.

Тегі бойынша есепте тексерілетін тұлғаға мәлімет басқа саулнамалық дерекпен анықталған жағдайда, талапта тексеру нәтижесінде орнатылған саулнамалық дерек және оған шыққан мәлімет көрсетіледі.

88. Комитеттің картотекасында және ақпараттық жүйесінде тексерілетін тұлғаға қатысты қозғалған қылмыстық іс бойынша қабылданған іс жүргізу шешімі туралы мәлімет болмаған жағдайда, талапта қылмыстық істің қозғалғаны туралы дерек көрсетілуге жатады.

89. Дактилоскопиялық есеп бойынша тексерілетін тұлғаның соттылығы басқа саулнамалық дерекпен анықталған жағдайда, Комитеттің аумақтық органды

тексеру бастамашысына осы Қағиданың 18 қосымшасына сәйкес нысанды анықтама, ал белгісіз мәйттің жеке басы анықталғанда осы Қағиданың 19 қосымшасына сәйкес нысанды белгісіз мәйттің жеке басы анықталғаны туралы хатттама ұсынады.

90. МАБ есебінен мәліметтерді алу үшін, Ішкі істер министрлігінің аумақтық және құрылымдық бөлімшелері, Мемлекеттік құзет қызметі, Ұлттық қауіпсіздік Комитеті, Сыбайлар жемқорлық және экономикалық қылмыспен күрес агенттігі (қаржы полициясы), Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау Комитеті сұрауларын РФ ПМ БАТО өздерінің орталық органдары арқылы жолдайды.

Қылмысқа қарсы күрес аясында ақпарат алмасу келісімін (Астана қаласы, 22 мамыр 2009 жыл) орындау бойынша құзыретті органдардың құрамына кірмейтін прокуратура органдары, басқа мемлекеттік органдардың сұраулары Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті арқылы жолданады.

91. Азаматтардың, сонымен бірге тексеру шараларын жүргізуге уәкілеттілігі жоқ мекемелердің, ұйымдардың талап бланкісінде рәсімделген сұраулары тексеруге жатпайды, оның орындалмау себебі және есепке жүгінудің тәртібі түсіндіріле отырып, бастамашыға орындаусыз қайтарылады.

92. Құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарымен берілген мәліметтерді сұрау салу иелері қолданыстағы заңнамаға, оның ішінде Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 66-бабына және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (әрі қарай - ҚР ҚК) 77, 86 баптарына сәйкес пайдалануы қажет.

## **16. Жеке тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету**

93. Жеке тұлғаларға ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету Комитетпен және оның аумақтық басқармаларымен өтеусіз негізде жүзеге асырылады.

94. Комитеттің есебі бойынша тұлғаның қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама беру (әрі қарай-анықтама) Комитеттің аумақтық органдарымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 мамырдағы № 505 санды "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының мемлекеттік қызмет көрсету регламенттерін бекіту туралы" қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есебі бойынша тұлғаның қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы мәлімет беру" мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес жүргізіледі (әрі қарай – мемлекеттік қызмет көрсету).

95. Мемлекеттік қызмет көрсетеу Комитеттің аумақтық органдарымен Халықта қызмет көрсетеу орталығы немесе "электронды үкімет" веб-порталы арқылы жүргізіледі.

96. Анықтама электронды құжат нысанында осы Қағиданың 20 қосымшасына және қағаз жүзінде 21 қосымшасына сәйкес беріледі.

Тұлғаға қағаз жүзінде анықтама қажет болған жағдайда, өзінің анықтама беру туралы өтінішінде осы Қағиданың 22 қосымшасына сәйкес анықтаманың қажеттілігін және қайда ұсынылатынын көрсетеді.

97. Анықтамада қай аумаққа жүгінгеніне байланыссыз, сұрау салған тұлғамен жасалған қылмыс туралы Комитеттегі және оның аумақтық органындағы барлық мәліметтер тексеру жүргізілген күнге сәйкес көрсетіледі.

Анықтамада көрсетілген мәліметтер қолданыстағы заңнамаға сәйкес, оның ішінде соттылықтың жойылуы немесе алынып тасталуын қарастыратын ҚР ҚК тиісті баптарына сәйкес пайдалануы қажет.

98. Анықтамада сұрау салған тұлғамен жасалған қылмыс туралы мәліметтер, олардың есептен алынғанына, соттылықтың жойылғанына қарамастан, төмендегі ақпараттармен қоса беріледі:

айыпталушы ретінде тұлғаның жауапкершілікке тартылуы, сотталуы, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде;

қылмыстық жауапкершіліктен және ақталмайтын негізде жазадан босатылуы туралы;

қозғалған қылмыстық істер туралы, ақталмайтын негізде қысқартылған;

акталмайтын негізде қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы.

Мәлімет болған жағдайда, анықтамада мәлімет жүгінген тілге байланыссыз, автоматтандырылған ақпараттар жүйесіне мәлімет енгізілген тілде көрсетіледі.

99. Электронды анықтама 2003 жылдың 7 қаңтарындағы Қазақстан Республикасының "Электронды құжат және электронды-сандық қолтаңба туралы" Заңына сәйкес рәсімделеді.

100. Қағаз жүзінде рәсімделген ақпаратта тексеру нәтижелері үлгісі Комитеттің ұйымдастыру-өкімдік актісімен расталатын мөртабанды қою арқылы көрсетіледі.

101. Комитеттің картотекасында және ақпараттық жүйесінде тексерілетін тұлғаға қатысты қозғалған қылмыстық іс бойынша қабылданған іс жүргізу шешімі туралы мәлімет болмаған жағдайда, анықтамада қылмыстық істің қозғалғаны туралы дерек көрсетілуге жатады.

Егер тексерілетін тұлғаға қатысты босатылғаны, қылмыстық-атқару жүйесі есебінен алынғаны, айыппұл төлегені туралы және басқа да мәліметтер болған жағдайда, мәліметтерді толықтыру үшін Комитеттің аумақтық органы мен шара қабылданады. Бұл ретте өтініш иесіне аралық жауап жолданады.

102. Анықтамада көрсетілген мәліметтер, тұлғалардың сұраулары бойынша берілген, қылмыстық іс бойынша шешім қабылдағанда және қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы материалдарға, сонымен бірге мемлекеттік қызметтер орындауға уәкілетті және оларға теңестерілген тұлғалардың өндірістегі арнайы тексерулері бойынша пайдалануға жатпайды.

Есепке алу мәліметтерін заңнамалар бойынша тексеру шараларын жүргізуге өкілетті органдарға ұсыну қажеттілігінен туындағы деген себеппен жүгінген тұлғаларға мәліметтер беруге болмайды.

103. Комитеттің есебіндегі мәліметтер бойынша түсініктеме беру, есепке түзету енгізу сұрағы бойынша тұлғалардың өтініштері, қылмыстық жауапкершілікке тартылған немесе сottалған жері бойынша қағаз жүзінде немесе электронды-сандық қолмен бекітілген электронды құжат түрінде Комитеттің аумақтық органына жолданады.

Өтінішті Комитеттің орталық аппаратына жолдағанда, сұрауға осы сұрақ бойынша Комитеттің аумақтық органының басшысының қолы қойылған бұрын берілген жауапты қоса салу керек.

Қағаз жүзіндегі жүгінуге өтініш берушінің жеке күелігінің көшірмесі қоса салынады. Өтініште көрсетілген сауалнамалық деректер, өтініш берушінің жеке күелігінің мәліметтерімен сәйкес келуі керек.

Тегін, атын, әкесінің атын, туған күнін өзгертуен тұлғалар бұрынғы сауалнамалық деректерін де көрсетеді.

Тегі бойынша есепке түзету енгізу туралы жүгінгенде, дәлелдеме құжаттарды қоса салуға болады, олар: айыппұл төлеу туралы түбіртек, түзету мекемесінен босап шығу туралы анықтама, қылмыстық-атқару жүйесінің есебінен алыну туралы анықтама, сottылықты алу туралы сот қаулысы және т.б.

Комитеттің аумақтық органы дәлелдеме құжаттардың негізінде есептерге (әліпбилік есеп карточкасы және АЕА ААЖ) АЕА ААЖ жүйесіне дәлелдеме құжаттардың графикалық көшірмесін тіркей отырып, сәйкес түзетулер енгізеді. Сottылықтың жойылуы немесе алынып тасталуы тұлғаны тегі бойынша есептен алып тастауға негіз бола алмайды.

Комитетпен және оның аумақтық органдарымен өтініштер Қазақстан Республикасының "Жеке және занды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" Заңына сәйкес, және 1997 жылдың 11 шілдесіндегі № 151-1 Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заң талаптарын сақтау арқылы қаралады.

104. Өтініш берушінің іздеуде немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерде айып тағылғандардың есебінде тұрғаны туралы мәліметтер анықталса, аумақтық органның қызметкери дереу, оны ұсташа жөнінде шаралар қабылдауы үшін аумақтық ішкі істер органына хабарлауы қажет.

105. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі арқылы келіп түскен Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелерінің сұраулары бойынша Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ тұлғаларға қағаз жүзінде анықтама беру, Комитетпен және оның аумақтық органымен Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтарын және заңды мұдделерін қамтамасыз етуді көздейтін құжаттарды талап ету тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіге сәйкес Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі арқылы беріледі.

106. Мәлімет сұратқан тұлғаға қатысты анықтаманы басқа тұлғаға беру, нотариус арқылы бекітілген жазбаша сенімхаттың негізінде жүргізіледі.

107. Қорғаушылар, тұлғаларға заңды көмек көрсеткен кезде, аталған тұлғаға қатысты нақты іске қатысын дәлелдейтін құжат көшірмелерін (ордерлер, келісімдер тергеу (анықтау) немесе сот органдарының хат түріндегі дәлелдемесін ) және мұддесін қорғайтын тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесін ұсына отырып, Комитеттің аумақтық органына жазбаша түрде жүгіну арқылы есепке алу мәліметтерін сұратады.

Қорғаушылардың сұраулары Комитеттің аумақтық органына келіп түскен сәтten бастап бес жұмыс күні ішінде орындалады және Қағиданың 73 тармағында көрсетілген барлық мәліметтер ұсынылады.

108. Жеке сот орындаушылары, жауапкердің тұратын жерін, бас бостандығынан айыру жазасын өтеген жерін, болмаса іздеуде бар-жоғын білу туралы Комитеттің арнайы есебінің мәліметтерін алу үшін, Комитеттің аумақтық органына нақты сол іске қатысын дәлелдейтін орындау құжатының жеке сот орындаушысы ретінде өкілеттілігі бар жеке мөрімен бекітілген құжат көшірмелерін (қаулы, атқару парагы және т.б.) қоса сала отырып, жазбаша түрде сұрау салу арқылы жүгінеді.

Жеке сот орындаушыларының сұраулары Комитеттің аумақтық органына келіп түскен сәтten бастап, бес жұмыс күні ішінде орындалады және Қағиданың 73 тармағында көрсетілген барлық мәліметтер ұсынылады.

## **17. Іздеу есебінің ақпараттық есептік құжаттардың ресімдеу мен ұсыну тәртібі**

109. Іздеу туралы ақпараттық есеп құжаттарының барлық нысандарын толтыру қылмыстық және іздеу істерінің материалдары немесе жеке басты анықтау істерінің негізінде компьютерлік техникада, орыс тілінде жүзеге асырылады. Құжаттарды қолмен көк немесе қара сиялармен анық, таза, түзетусіз, өшірусіз және қысқартусыз толтыруға да болады. Бұл ретте тегі, аты, әкесінің аты баспа әріптерімен жазылады.

Саулнамалық деректеріне, бұлтартпау шарасына, жауапкершілікке тарту баптарына, ақпараттық есеп құжатын шығарған және оған қол қойған лауазымды тұлғалардың қолдарына тазарту, түзету және басқа да өзгертулер енгізілген ақпараттық есеп құжаттары есепке қабылданбайды. Тиісті дәрежеде рәсімделмеген ақпараттық есеп құжаттары, ақпараттық есеп құжаттарының тиісті дәрежеде рәсімделуін қадағалауды қамтамасыз ететін қадағалаушы прокурор арқылы, түскен күні ілеспе хатпен, қайтадан есепке қою үшін қайтарылады.

Қайтарылған ақпараттық есеп құжаттары қайтарған сәттен бастап 2 тәулік ішінде есепке қайталанып қойылуы керек.

110. Қадағалаушы прокурормен прокуратураға түскен сәттен бастап бір тәуліктің ішінде іздеу ісін ашудың және жеке басты анықтау ісінің заңдылығын тексеру жүзеге асырылады, тек сottан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаларды іздеу ісінен басқа.

Іздеу ісін және жеке басты анықтау ісін ашудың заңдылығы туралы өз келісімін прокурор іздеу ісін ашу туралы қаулыға елтаңбалы мөрмен бекітілген қолы қойылған бұрыштамамен білдіреді.

Қылмыстық қудалау органының басшысының іздеу ісін ашу туралы қаулыны бекіткен күні, іздеу ісінің ашылған күні болып есептеледі.

Іздеу ісін ашу туралы қаулы қадағалаушы прокурормен келісілгеннен кейін, іс материалдарымен бірге, прокуратурға түскен сәттен бастап 2 тәуліктің ішінде іздеуді жүргізетін қылмыстық қудалау органына жолданады.

111. Есепке алышатын және шығарылатын ақпараттық есеп құжаттарына (іздеу карточкасы, тану картасы, бақылау карточкасы, іздеуді қысқарту туралы қаулы) іздеу ісін ашу туралы қаулыны бекіткен лауазымды тұлғаның қолы қойылады да, іздеуді жүргізетін қылмыстық қудалау органының қызметкерімен прокурордың келісімін алған жұмыс күнінің келесі күнінен кешіктірмей, әскери және көлік аумақтық органымен қоса Комитеттің аумақтық органына ұсынылады.

112. Іздеу ісін тіркеу Комитеттің аумақтық органдарымен (әскери және көліктік аумақтық органдармен қоса) немесе Комитеттің аумақтық органының аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкерлерімен іздеу ісін тіркеу журналында жүргізіледі:

тергеуден, анықтаудан, сottан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаларға, осы Қағиданың 23 қосымшасы нысанына сәйкес;

хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаларға, осы Қағиданың 24 қосымшасы нысана сәйкес;

танылмаған мәйіттердің жеке басын анықтау бойынша және денсаулығына болмаса жас ерекшелігіне байланысты өздері туралы мәлімет бере алмайтын тұлғаларға, осы Қағиданың 25 қосымшасы нысанына сәйкес.

Комитеттің аумақтық органында есеп үшін, іздеу ісін тіркеуді бақылау журналы жүргізіледі.

Ескерту: атқару өндірісі бойынша борышкер, мемлекеттің мұддесі үшін тағылған талаптар бойынша жауапкер болып табылатын іздеудегі тұлғаларға, сонымен бірге алимент өндіріп алушыларға, асыраушының қайтыс болуына, мертігуіне және басқа да денсаулықтың зақымдануына әкеліп соқтырган зияндарды қайтаруға (әрі қарай - борышкерлер мен жауапкерлер) Комитеттің аумақтық органының аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкерлері осы Қағиданың 26 қосымшасы нысанына сәйкес жеке журнал жүргізеді.

113. Басқа іс-әрекеттері бойынша есепте тұрған тұлғаларға ұсынылған ақпараттық есеп құжаттары бұрынғы бастамашыны, іздеу ісінің ашылу күні және нөмірі туралы мәліметті хабарлай отырып іздеу салған бастамашыға іздеу ісінің материалдарын біріктіру սұрағын шешуді және іздеуді жүргізетін органды анықтау үшін іздеу ісіне номер бермей қайтаруға жатады.

114. Комитеттің аумақтық органының аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкері есеп құжаттарының толтырылу сапасын және толықтығын тексергеннен кейін, бір жұмыс күні ішінде мәліметті АЕА ААЖ енгізеді және түскең сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде Комитеттің облыстық аумақтық органына жолдайды.

Комитеттің аумақтық органы АЕА ААЖ енгізілген мәліметтің нақтылығын тексереді.

Жасырынған, хабар-ошарсыз жоғалған тұлғаларға қатысты іздеуді қысқарту туралы қаулыға, танылмаған мәйіттерді және денсаулығына болмаса жас ерекшелігіне байланысты өздері туралы мәлімет бере алмайтын тұлғаларды есептен алу туралы хабарламаға, іздеу ісін қысқартудың негізі мен зандылығын елтаңбалы мөрмен бекіткен прокурордың болмаса орынбасардың (аудан, қала, облыс, әскери, көлік) қолы, тегі және лауазымы қойылады.

115. МАБ ақпараттық есеп құжаттары Комитетпен айына 2 реттен кем емес уақытта жолданады.

## **18. Тергеуден, анықтаудан соттан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғалардың есебі**

116. Есепке алудың объектілері болып анықтаудан, тергеуден, соттан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғалар, сонымен бірге іздеудегі борышкерлер/ жауапкерлер табылады.

117. Есеп күжаттарының нысандары болып саналатындар:

- 1) осы Қағиданың 27 қосымшасы нысанына сәйкес, іздеу карточкасы;
- 2) осы Қағиданың 28, 29 қосымшалары нысандарына сәйкес, мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулы;
- 3) осы Қағиданың 30, 31 қосымшаларына сәйкес, іздеуді қысқарту туралы қаулы;
- 4) осы Қағиданың 32 қосымшасы нысанына сәйкес, іздеу статистикалық карточка;

118. Іздеу ісін ашудың негізі тергеушінің, анықтау органының, прокурордың және соттың айыпталушыға, сотталғандарға, борышкелер мен жауапкерлерге және басқа санаттағы ізделушілерге іздеу жариялау туралы қаулысы болып табылады.

Тұлғаға іздеу жариялау туралы соттың қаулысы (анықтамасы) заңды күшіне енгеннен кейін, қылмыстық іспен бірге бір уақытта сотпен қадағалаушы прокурорға бір жұмыс күні ішінде жолданады.

Қадағалаушы прокурор, тұлғаға іздеу жариялау туралы соттың қаулысын (ұйғарымын), тұлғаға іздеу жариялау туралы прокурордың қаулысын тұлғага іздеу жариялау туралы соттан қылмыстық істі және сот қаулысын (ұйғарымын) алған сәттен бастап, іздеу жүргізу тапсырылған органға 1 жұмыс күні ішінде жолдайды.

Борышкелер/жауапкерлерге іздеу жариялау туралы ұйғарым заңды күшіне енгеннен кейін сотпен іздеу жүргізуге өкілетті органға (ішкі істер органды, қаржы полициясы) бір жұмыс күні ішінде жолданады.

119. Анықтаудан, тергеуден жасырылған тұлғаларға қатысты іздеу ісін ашу үшін тұлғаға іздеу жариялау туралы шешім қабылдаған тергеушімен/анықтаушымен іздеу материалдары шешім қабылдаған сәттен бастап 1 тәулік ішінде оның ашылу заңдылығын зерделеу үшін қадағалаушы прокурорға ұсынылады.

Прокурормен зерделенген іздеу ісі тіркеу және іздеу нөмірін алу үшін, қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын тергеушімен/анықтаушымен бір тәуліктің ішінде Комитеттің аумақтық органдының аудандық (қалалық) бөлімшелеріне ұсынылады.

Комитеттің аумақтық органдында тіркелген іздеу ісі, тергеушімен/анықтаушымен тіркеу және іздеу нөмірін алған сәттен бастап іздеуді жүргізетін қылмыстық қудалау органдының бөлімшесіне беріледі.

120. Борышкелер/жауапкерлерге қатысты іздеу ісін ашу туралы қаулы ішкі істер органдымен және қаржы полициясымен тұлғаны іздеуге жариялау туралы сот ұйғарымын алған сәттен бастап үш тәуліктің кем емес уақытта шығарылады.

Тұлғаны іздеу бір іздеу ісі бойынша жүргізіледі. Азаматтық істер бойынша іздеу ісін жариялау туралы қаулы бір тұлғаға екі немесе одан да көп органмен шығарылған жағдайда, есепте бір іс қана қалдырылады, ал басқа істер бойынша материалдар осы іспен біріктіріледі. Бұл ретте оларды ашу туралы қаулылар күшін жоюға жатады.

Борышкерлер/жауапкерлерге қатысты іздеу ісінің материалдары нөмір алу үшін ішкі істер органы және қаржы полициясымен Комитеттің аумақтық органына іздеу ісін ашу туралы қаулы шығарылғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде ұсынылады.

121. Тергеу немесе анықтау органдарынан жасырынған тұлғаларға қатысты іздеу ісін тіркеуге төмендегі құжаттар қоса ұсынылады:

- 1) қылмыстық істі қозғау туралы қаулы;
- 2) айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы;
- 3) айыпталушыға іздеу жариялануға байланысты қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтату туралы қаулы, егер ол шығарылған жағдайда;
- 4) айыпталушыға қатысты іздеу жариялау туралы қаулы;
- 5) бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулы;
- 6) төлкүжат, болмаса жеке куәліктің көшірмесі, аталған құжаттар болмаған жағдайда, келесі құжаттардың бірінің көшірмесі: шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәулігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-Н өтініші, туу туралы актілік жазбалар. Аталған құжаттар болмаған жағдайда, тұлғаға іздеу жариялау туралы шешімді қабылдаған органмен ізделетін тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын, тұган күні мен жерін анықтау туралы анықтама құрастырылады, оған бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы қойылып, орган мөрімен бекітіледі.

Сотталушыға (сотталғанға) іздеу жариялау туралы сот қаулысы (ұйғарымы) шыққан жағдайда, соттан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаға қатысты жоғарыда аталған іс-әрекеттер, соттан сәйкес іс жүргізу құжатын алғаннан кейін іздеу бөлімшелерімен жүзеге асырылады. Іздеу ісін тіркеу үшін төмендегі құжаттар қоса ұсынылады:

- 1) айыпталушыға қатысты іздеу жариялау туралы сот қаулысы;
- 2) төлкүжат, болмаса жеке куәліктің көшірмесі, аталған құжаттар болмаған жағдайда, келесі құжаттардың бірінің көшірмесі: шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәулігі, жүргізуші куәлігі, әскери билет, туу туралы куәлік (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), Ф-1 өтініші, туу туралы актілік жазбалар.

Борышкерлер/жауапкерлерге қатысты іздеу ісін тіркеу үшін төмендегі құжаттармен қоса ұсынылады:

1) тұлғаға іздеу жариялау туралы сот үйірдемесі;

2) борышкерлер/жауапкерлерге іздеу жүргізуге уәкілетті орган басшысымен бекітілген іздеу ісін ашу туралы қаулы;

3) тексерілгеніне бір айдан артық уақыт өтпеген, сottылықтың бар (жоқтығы) туралы талап немесе "Ақпараттық қызмет көрсету" автоматтандырылған ақпараттар жүйесінің мәліметтері;

4) төлкүжат, болмаса жеке күәліктің көшірмесі, аталған құжаттар болмаған жағдайда, келесі құжаттардың бірінің көшірмесі: шетелдік азаматтың Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ тұлғаның кәулігі, жүргізуші күәлігі, әскери билет, туу туралы күәлік (он алты жасқа толмаған тұлғалар үшін), 1-Н өтініші, туу туралы актілік жазбалар. Аталған құжаттар болмаған жағдайда, тұлғаға іздеу жариялау туралы шешімді қабылдаған органмен іздеу жарияланған тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін анықтау туралы анықтама құрастырылады, оған бірінші басшының немесе оның міндеттін атқарушы тұлғаның қолы қойылып, орган мөрімен бекітіледі.

Жоғарыда көрсетілген іс жүргізу құжаттарының біреуінің болмауы, тіркеуден бас тартуға және іздеу ісін қосымша рәсімдеуге кері қайтаруға негіз бола алады.

122. Жасырынған тұлғаға республикалық іздеу жарияланғанда жедел-іздеу қызметтің жүргізуге уәкілетті органның іздеу бөлімшелері іздеу ісімен бір уақытта Комитеттің аумақтық органдының аудандық (қалалық) бөлімшелерінің қызметкеріне жасырынған тұлғаға қатысты 1 дана іздеу карточкасын және 1 дана статистикалық карточка жолдайды.

Комитеттің аумақтық органдының аудандық (қалалық) бөлімшесінің қызметкері 1 жұмыс күні ішінде іздеудегі тұлғаға қатысты мәліметті АЕА ААЖ енгізеді және 3 жұмыс күні ішінде есеп құжаттарын Комитеттің аумақтық органдына ұсынады.

Комитеттің аумақтық органдының қызметкерімен АЕА ААЖ енгізілген мәліметтердің нақтылығы тексерілгеннен кейін, іздеу карточкасы статистикалық карточкамен бірге Комитеттің аумақтық органдының іздеу есебінің картотекасына орналастырылады.

123. Іздеу карточкасында және іздеу жариялау туралы қаулыда барлық қарастырылған деректемелер толтырылуға жатады.

## **19. Хабар-ошарсыз жоғалғандарды, азаматтардың танылмаған мәйіттерін, белгісіз аурулар мен балаларды есепке алу**

124. Осы есептің объектілері Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетел азаматтары және Қазақстан Республикасында тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар болып табылады.

Есепке алуға жататындар:

1) ішкі істер органдарына жоғалуы туралы мәлімдеме түскен белгісіз себептермен жоғалған тұлғалар;

2) жеке басы танылмаған тұлғалардың мәйіттері;

3) белгісіз аурулар және балалар.

125. Есеп құжаттарының нысандары:

1) осы Қағиданың 33 қосымшасы нысанына сәйкес, тану картасы;

2) мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулы;

3) іздеуді қысқарту туралы қаулы;

4) осы Қағиданың 34 қосымшасы нысанына сәйкес, есептен алу туралы хабарлама;

126. Жеке басты анықтау бойынша іздеу ісін тіркеудің негізі іздеу ісін ашу туралы қаулы болып табылады. Оларды ашуға шешім келесі құжаттардың негізінде қабылданады:

1) азаматтың өтініші, мемлекеттік орган және басқа да ұйымдардың тұлғаның хабар-ошарсыз жоғалғаны туралы хабарламасы және денсаулығына және жас ерекшелігіне байланысты өзі туралы хабар берे алмайтын белгісіз ауру адамның, баланың табылуы;

2) танылмаған мәйіттің табылуы туралы хабарлама.

